



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбітшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

No
D.D.D.D.D. No 1 re

Тұрақты комиссияның 2022 жылғы 2 ақпандығы қаулысы

Жаңа құрылымың салу және
жұмыс істеп тұрған
объектілердің нысаналы
мақсатын өзгерту үшін жер
учаскелерін бөлу/өткізу
кезінде объектілердің
санитариялық-қорғаныш
аймақтарын белгілеуді
реттейтін құқықтық
нормаларды сақтау туралы

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылышы, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы жаңа құрылыш салу және жұмыс істеп тұрған объектілердің нысаналы мақсатын өзгерту үшін жер үчаскелерін бөлу/өткізу кезінде объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарын белгілеуді реттейтін құқықтық нормаларды сақтау туралы әқпаратты тыңдалап және талқыланап, төмендегіні атап өтеді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Нұр-Сұлтан қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің ақпаратына сәйкес, мемлекеттік органдардың халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы санитариялық-қорғаныш аймақтарын жобалау кезінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын өзірлеу, эпидемиялық маңызы бар объектілерді салуға арналған учаскелерді бөлу сатысында және олардың құрылышын жобалау кезінде қатысусы алып тасталды.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 46-бабына сәйкес эпидемиялық мәні бар объектілерді салу үшін жобалау құжаттамасын әзірлеу кезеңінде есептік (алдын ала) санитариялық қорғаныш аймағының өлшемін белгілеуді кешенді ведомстводан тыс сараптама қурамында мемлекеттік

000167

немесе аккредиттелген сараптама ұйымдары жүргізеді. ҚР Үкіметінің немесе елорданың жергілікті өкілді органдарының бекітуіне жататын қала құрылышы жобаларына сараптаманы Қазақстан Республикасының сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестатталған сарапшылар жүзеге асырады.

Нұр-Сұлтан қаласында объектілер салу үшін жер участкерін бөлу туралы мәселелерді шешу кезінде санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын талаптарды сақтау мәселесі әрдайым ескеріле бермейді, бұл құрылыш/көндейту үшін рұқсат беру құжаттарын алу кезінде қызындықтардың туындаудына әкеп соғады.

2022 жылғы 11 қаңтардағы №2 «Адамның өмір сұру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына (бұдан әрі – СҚ) сәйкес санитариялық-қорғаныш аймақтарының шекараларында және өнеркәсіптің басқа да салалары объектілерінің аумағында өнеркәсіптің тамақ салалары объектілерін, азық-тұлік шикізаты мен тамақ өнімдерінің көтерме қоймаларын, ауыз суды дайындауға және сақтауға арналған су құбыры құрылыштары кешендерін және т.б. орналастыруға жол берілмейді. Алайда, жоғарыда аталған объектілерді өнеркәсіптік аймақ аумағында орналастыру фактілері бар, мысалы:

1. Пушкин көшесі, 55/1 мекенжайы бойынша орналасқан «Респект Сауда Астана» ЖШС тамақ өнімдерінің көтерме қоймасы СҚ талаптарын бұза отырып, өнеркәсіптік аймақта орналасқан. Осы аумақта өнеркәсіптік объектілер тобы, оның ішінде Целиноград шойын-құю зауыты (санитарлық-қорғау аймағы – 500 м.), полипропилен құбырлар зауыты (санитарлық-қорғау аймағы – 500 м.), «Amitech Astana» ЖШС (санитарлық-қорғау аймағы – 500 м.), АБК-бетон зауыты (санитарлық-қорғау аймағы-1000 м.) орналасқан.

2. Алаш тас жолы, 22/1 мекенжайында орналасқан «Масло-Дел» ЖШС тамақ өнімдерінің көтерме қоймасы да өнеркәсіптік аймақ аумағында орналасқан.

3. Көктал көшесі, 29/2 ғимарат мекенжайы бойынша орналасқан «Карлов В.Н.» ЖК сыра өндіру цехы «Стройтехметалл» ЖШС темірбетон бұйымдарын дайындау объектісінің санитарлық-қорғау аймағының шекарасында орналасқан.

Сондай-ақ, СҚ сәйкес объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарының шекараларында (оның ішінде санитариялық-қорғаныш аймағы белгіленетін объектінің аумағында) жеке тұрғын үйлерді қоса алғанда, жаңадан салынатын тұрғын үй құрылышын орналастыруға тыйым салынады. Осыған қарамастан, Алматы ауданының аумағында жұмыс істеп тұрған «Алатау ЖКС» ЖШС санитариялық-қорғаныш аймағының шекарасында (100 м.) «Зере-2» тұрғын үй кешенінің құрылышы жүргізілуде.

Санитариялық-қорғаныш аймағының белгіленген өлшемін сақтамай, тұрғын үй құрылышы аумағында тамақ өнімдерін өндіру бойынша

кәсіпорындардың орналасу фактілері де ғылыми талды. Мысалы, Қордай көшесі, 12-үй мекенжайында орналасқан «Тәп-Гәтті» ЖШС кондитерлік цехи V қауіптілік сыйныбындағы объектілерге жатады, олар үшін санитариялық-қорғаныш аймағының көлемі 50 метр болып бекітілген, алайда оның іс жүзінде орналасу мөлшері 11 метрді құрайды.

Бұдан басқа, өнеркәсіптік аймақ аумағында эпидемиялық маңызы бар объектілерді салуды, орналастыруды жоспарлап отырған кәсіпкерлік субъектілерінен етініштер келіп түсіде («Тас Кілем» ЖШС азық-тұлік қоймасы, Өнеркәсіптік аймақ 35).

Жоғарыда баяндалғаның негізінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТИ**:

1. Жаңа құрылыш салу және жұмыс істеп тұрган объектілердің нысаналы мақсатын өзгерту үшін жер участеклерін бөлу/өткізу кезінде объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарын белгілеуді реттейтін құқықтық нормаларды сақтау туралы ақпарат назарға алынын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:

қаланың бас жоспарын және егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу кезінде жобаланатын объектілердің қауіптілік сыйныбын көрсету;

эпидемиялық маңызы бар жаңа объектілер салуға жер участеклерін бөлу және жұмыс істеп тұрган объектілердің нысаналы мақсатын өзгерту кезінде жергілікті жерді егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын, жұмыс істеп тұрган объектілердің қауіптілік сыйныбын және санитариялық-қорғаныш аймақтарының, санитарлық алшақтықтардың, су қорғау белдеулері мен аймақтарының өлшемін ескеру;

мұдделі мемлекеттік органдардың («Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылышы және жер қатаинастары басқармасы» ММ, Нұр-Сұлтан қаласының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті, «Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлік дамыту басқармасы» ММ) санитариялық-қорғаныш аймақтарын белгілеуді реттейтін құқықтық нормалардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық өзара іс-қимыл тәртібін айқындау;

функционалдық аймақтардың шекараларын және олардың мақсатын (тұрғын, қоғамдық-іскерлік және өнеркәсіптік (өндірістік)) ескере отырып, қала аумағын аймақтарға бөлуді өзектендіру;

тұрғын емес үй-жайларда және жапсарлас/жапсарлас-жанастыра салынған үй-жайларда орналастыруға рұқсат етілген объектілердің тізбесін әзірлеу және бекіту;

объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарының шекараларында, есکі тұрғын үйлерді жақын арада бұзы жүргізілмейтін тұрғын үй алаптарында тұратын үй иелерінің мәселелерін шешу;

көп қабатты тұрғын үй кешендерінің бірінші қабаттарында қоғамдық тاماқтандыру, білім беру, денсаулық сақтау және т.б. кәсіпорындарының орналасу тәртібін айқындау ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Нұр-Сұлтан қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды жүзеге асыру шеңберінде кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізу тәртібіне түсініктеме берсін.

4. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде беру қамтамасыз етілсін.

**Қала мәслихатының
құрылыш, экология, көлік, сауда
және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының
төрағасы**

Б. Котырев